



Автор: МЫРЗАХАНОВА БИБИЗАУРЕ ИКРАМОВНА

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...

Тақырып: С.Торайғыровтың өмірі мен шығармалары."Шәкірт ойы"өлеңі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.1.1. Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау. 6.1.2.1. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.
Сабақтың мақсаты:	Берілген сұрақтарға жауап бере отырып ақынның өмір жолымен танысады. Ақынның өнер-білім тақырыбында жазылған шығармаларын атайды. "Шәкірт ойы"өлеңінің жанрын, фабуласын, сюжетін анықтайды. Өлеңнің неге"Шәкірт ойы" аталғандығы туралы ой бөліседі. Ақын өмірімен байланыстырып өз ойын айтады. Шығарма үзінділерін оқи отырып, мазмұнына талдау жасайды. Идеясы арқылы әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды.
Тілдік мақсаттар:	Пән лексикасы мен терминология: Өлең, тармақ, шумақ, буын, бунақ, жанр, тақырып, әлеуметтік-қоғамдық мәселе т.б. Диалог пен жазылым үшін қажетті сөздер мен сөз тіркестері: Менің ойымша, өз көзқарасымды білдірсем, осылай тұжырымдаймын.
Күтілетін нәтиже:	Білім алушылар С.Торайғыровтың өмірі мен шығармаларымен танысады. Өлең құрылысына талдайды. Өлеңдегі негізгі ойды түсіне отырып, әлеуметтік -қоғамдық мәселені анықтайды. Тапсырмалар орындау барысында өз көзқарастарын білдіріп, ой тұжырым жасайды.
Бағалау критерийлері:	Ақынның өмір жолымен танысады. Шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін ажыратады. Шығарма үзінділерін оқи отырып, идеясына талдау жасайды. Идеясы арқылы әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды.
Құндылықтарды дарыту:	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. Өнер-білім алуға, тарихымыз бен мәдениетімізді сақтауға баулу. Рухан-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Презентация, Power Point. https://bilimland.kz/k
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы, қазақ тілі, өмірмен
Бастапқы білім:	"Абай шығармаларын қайталау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (Қызығушылықты ояту 7 минут)	I Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Топтастыру. Оқушылар шеңбер бойына тұрады. Кезек-кезегімен бүгінгі сабаққа қатысты тілектерін, жылы лебіздерін білдіреді. «Санамақ» әдісі арқылы үш топқа бірігеді. Үй тапсырмасы. Өтілген сабақтарға шолу жасау 1. 2. 3. Кері байланыс:	https://wordwall.net/ru/resource/43374985
Сабақтың ортасы (25-30 минут)	Жаңа сабақ. Оқу мақсатын таныстыру Ой қозғау. Білу Тұлғаны таны Дескриптор: Білім алушылар Тұлғаның кім екенін атайды. Тұлғалар туралы не білетінін айтады. https://bilimland.kz Бейнесабақты тыңдайды. Топтық жұмыс 1-топ. Түсіну. С.Торайғыровтың өмірі мен шығармаларына шолу жасайды. Туған жылы: Шығармалары: Шығармаларының басты тақырыбы: С.Торайғыров қандай ақын болған? Ақынның мақсаты қандай? Дескриптор: Білім алушылар Оқулықтан С.Торайғыровтың өмірі мен шығармаларын оқып, шолу жасайды 2-топ. Қолдану. Кестемен жұмыс Шығарма үзінділерін оқи отырып, мазмұнын ашады. Идеясы арқылы әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды. Өлең үзіндісі Идеясы Әлеуметтік-қоғамдық мәселесі Дескриптор: Білім алушылар Өлеңді мәнерлеп оқиды. Мазмұнын ашады. Идеясы арқылы әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды. 3-топ. Талдау "Шәкірт ойы" өлеңін құрылысына қарай талдайды. Сатылай кешенді талдау жасау Өлеңнің авторы: Өлеңнің тақырыбы: Әдеби жанры: Негізгі идеясы: Тармақ саны: Буын саны Бунақ саны Ұйқасы Дескриптор: Білім алушылар "Шәкірт ойы" өлеңіндегі негізгі ойды анықтайды. "Шәкірт ойы" өлеңін құрылысына қарай талдайды. 4-тапсырма. Ж/Ж. Өлеңдегі шәкірт ойын топтау сызбасы арқылы көрсетіндер. Жинақтау Дескриптор: Білім алушылар Өлеңдегі шәкірт ойын топтау сызбасы арқылы көрсетеді.	Презентация. Power Point https://bilimland.kz/kk/courses/audiorestomathy
Сабақтың соңы (5 минут)	Сұрақ-жауап Бүгінгі сабақтан не түйдіңіз? Сенің өмірдегі мақсатың қандай? Сені қандай ойлар мазалайды?	
Рефлексия (3 минут)	Үйге: "Шәкірт ойы" өлеңін мәнерлеп оқып, жаттап алу. Рефлексия: «ҚҚҚ» кестесін толтыру	Қызық болғаны Құнды болғаны Қиын болғаны